


ҚР шөлейтті аймақтары


Шөлейт зонасы

- Шөлейттің климаты құрғақ, тым континентті. Жауын-шашын аз, жылдық жауын-шашынның мөлшері 180-300 мм аралығында. Көктемнің аяғы мен жаздың басында жауын-шашын мол түседі, қыста және жазда аз жауады. Жаз барлық жерде ыстық. Шөлейт зонасында жазда өзендердің көбінің суы тартылып, кеуіп кетеді.





В.В. Докучаев



Л.С. Берг

- Аймақтың қалыптасуын В.В. Докучаев, Л.С. Берг сияқты ұлы ғалымдар зерттеген. Л.С. Берг зоналар аралығында өтпелі аймақтарды қарастырған және ендік бағыттағы зоналарды геологиялық, тектоникалық, орографиялық ерекшеліктеріне қарай провинцияларға бөлген.



- Жалпы, шөлдену үрдісі қазіргі таңда – Азия, Африка, Америка құрлығының аридті белдемінде орналасқан бірқатар елдердің басты мәселесі болып табылуда



- БҰҰ-ның келтірген деректеріне сүйенер болсақ, бір жылда азық-түлікке жарамды 3 миллион гектар жер шөлденуге ұшырап, бұдан келетін экономикалық шығын 40 миллиард АҚШ долларын құрайды. Аталған мәселе дүниежүзілік және халықаралық маңызы бар конференцияларда кеңінен талқыланды.



- 1994 жылғы 17 маусымда Париж қаласында (Франция) Біріккен Ұлттар Ұйымының Шөлейттенуге қарсы күрес конвенциясы қабылданды. Аталған құқықтық құжат негізінде көптеген елдер шөлейттенумен күрес бағдарламаларын қабылдады.



Осы мәселе бойынша Қазақстан Республикасында шөлейттенуге қарсы күрес жөніндегі 2005-2015 жылдарға арналған бағдарлама жүзеге асырылды. Бұл бағдарлама шөлейттенудің негізгі себептерімен күресті ұйымдастыру және оның салдарларын жою жөніндегі негізгі құжат болып табылады



1994 ж құрылған Халықаралық
Конвенция шөлдену процесіне
мынадай анықтама береді:
«Шөлдену құрғақ аудандардағы
жерлердің деградациясы дегенді
білдіреді, ол климаттың ауытқуы
мен адамзаттың қызметінен
тұратын әртүрлі факторлардың
нәтижесінде орын алады»

- 2014 жылдың 25-27 қыркүйегінде Астана қаласында Назарбаев Университетінің жетекшілігімен «Орталық Азияның шөлденуі: бағалау, болжау, басқару» тақырыбында халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өтті. Іс-шараны Білім және ғылым министрлігінің «Парасат» ұлттық ғылыми-технологиялық холдингі География институты, «Қазақстандық ұлттық географиялық қоғамы», «Назарбаев Университеті» және Біріккен Ұлттар Ұйымының Даму бағдарламасы (БҰҰДБ) ұйымдастарды.



Шөлейттенудің себебі

Қоғамның, экономикасының дамуымен, адам әрекетінің әсерімен тікелей байланысты. Адам әрекетінен пайда болған ғаламдық экологиялық мәселелер қоршаған ортаға техногендік жүктеменің артуынан туындайды. Осыдан келіп, шөлейттенудің көлемі ұлғаюуда

Аумағының көп бөлігі жеткіліксіз ылғалдану аумағында орналасқан Қазақстан үшін, елдің үштен екісі шөлейттену процесінің әртүрлі деңгейіне ұшыраған (барлық жердің 70%-ға жуығы). Мұның пайда болуына климаттың аридтілығы, топырақтың дефляцияға ұшырауы, топырақтың тұздануы, сол сияқты жердің әртүрлі химиялық заттектермен ластануы әсер етеді

топырақ бетінің
өсімдік
жамылғысымен
жабылу деңгейінің
қысқаруы,

Топырақтың
деградациясы мен
эрозиясы, кейбір
жерлерде құмдар
жабылуы мен
топырақтың
тұздануы

Шөлдену
белгілері
болып
келесілер

топырақ бетінің
шағылдырғыш-тық
қабілетінің
(альбедро)
жоғарылауы,

көпжылдық
өсімдіктердің
көлемді жоғалуы,
әсіресе ағаштар
мен бұталардың

Қазақстан жерінің шөлейттенген негізгі аймақтары Шығыс Қазақстан (Семей өңірі), Алматы облысы (Балқаш көлі маңы), Қызылорда облысы (Арал маңы), Маңғыстау облысы, Қарағанды облысы (Жезқазған аймағы) бүгінгі таңдағы адам мен қоғам арасындағы үлкен арақатынастың күрделенуіне әкеліп соғуда.





Солтүстік Қазақстанның 30% жері жарамсызданған, Батыс Қазақстанда мұнай-газ өнеркәсіп-өнімдерімен 100 мың гектар жері техногендік ластанған, 2,5 миллион гектар жайылымдары жойылуда.




Ал Каспий теңізінің 268 миллион гектар жағалауы су астында қалып, мұнай өнімдерімен ластану одан әрі жалғасуда Орталық Қазақстанда жарамсыз жерлер көбеюде. Өзен бойларында техногендік ластану, топырақ құнарсыздануы, жануарлардың түрлерінің сиреуі, жайылымдардың тозуы, радиоактивті химиялық ластану қалдықтармен ластану жоғары деңгейде.



□ Қазақстандағы қазіргі әлеуметтік жағдаймен байланысты, шөлді аумақтарда орналасқан облыстардан халықтың жыл сайынғы көшіп кетуі жүздеген мың адамдарға жетуде. Экологиялық тепе-теңдіктің бұзылуы және мекен ету ортасының жұтауы салдарынан халықтың тұрмыс деңгейі төмендеді, медициналық қызмет көрсету жеткіліксіздігі халыққа кері әсерін тигізіп жатыр





- Шөлейттенуге ұшыраған өңірлерде балалар өлімі өте жоғары. Экологиялық-санитарлық қысым балалардың жалпы дамымай қалуының, қан аздығының, туа біткен ауытқушылықтардың, жүйке аурулары, жүрек-қан тамырлары аурулары туындауының негізгі көзі болып табылады.



ҚОРЫТЫНДЫ

- Осыған байланысты, шөлейттену мен құрғақшылық үдерістерінің физикалық, биологиялық және әлеуметтік-экономикалық аспектілерін қамтитын кешенді шараларды әзірлеу қажет. Атап айтқанда, елдің тұрақты даму саясатына кедейшілікпен күрес, шөлейттенуге қарсы күрес және құрғақшылықтың салдарларын туындайтын мәселелерді азайту жөніндегі іс-шаралардың ықпалдасуын күшейту қажет.

